

Құқықтық статистика мен арнайы есеп жүргізудің жүйесі

ОРЫНДАҒАН ЮП 18-1 Гельманова Айдана
ТЕКСЕРГЕН: Аға оқыт Қолдасов Б

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің негізгі міндеттері мыналар: бірыңғай статистикалық принциптер мен стандарттар негізінде елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, заңды және жеке тұлғаларды тиімді және жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету; мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру мен дамыту, ал функциялары: мемлекеттік құқықтық статистиканы түзу; құқықтық статистика ақпаратын жинақтау, жүргізу және өңдеу; жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, арнайы есеп жүргізу; құқықтық статистика мәселелері бойынша статистикалық байқаулар жүргізу;

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері:

1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, шекте, көлемде және мерзімдерде ақпараттық-есептік құжаттарды, өзге де қажетті материалдар мен мәліметтерді уәкілетті органға беруге;

2) құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығын, объективтілігін, анықтығын және жеткіліктілігін қамтамасыз етуге және өз өкілеттіктері шегінде құқықтық статистикалық ақпараттың көрсетілуінің толымдылығын және анықтығын бақылауды жүзеге асыруға;

3) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын алынатын мәліметтердің, сондай-ақ құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен алынған электрондық ақпараттық ресурстардың сақталуын қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тексерулер тағайындау туралы актілерді тіркеуге міндетті.

Жеке және заңды тұлғалар құқықтарының кепілдігі

1. Құқықтық статистикалық ақпаратты тіркеу, жинақтау, өңдеу, сақтау және беру барысында уәкілетті орган мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және заңмен қорғалатын құпияны қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қабылдайды.
2. Тергеу мен анықтау деректерін құрайтын нақты құбылыстар, процестер мен тұлғалар туралы құқықтық статистикалық ақпарат жариялауға жатпайды. Егер бұл тергеу мүдделеріне қайшы келмесе және басқа да тұлғалардың құқықтарының, бостандықтарының, заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылуына байланысты болмаса, тергеушінің, анықтаушының, прокурордың рұқсатымен олар мүмкін деп танылған көлемде жариялануы мүмкін.
3. Адам мен азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мақсатында уәкілетті органға берілген барлық бастапқы құқықтық статистикалық ақпараттың сақталуы қамтамасыз етіледі.

Арнайы есепке алуды тағайындау мен жүргізу

Арнайы есепке алу:

**1) мемлекеттік органдардың құқық қолдану қызметін;
2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жеке тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз етуге арналған.**

2. Үәкілетті орган арнайы есепке алуды жинауды, топтауды, тіркеуді, өңдеуді, жинақтауды, жіктеуді, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етеді.

3. Үәкілетті орган өз өкілеттігі шегінде оған жүктелген міндеттерді орындау үшін жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, арнайы есепке алудың түрлерін белгілеуге құқылы.

4. Құқықтық статистика субъектілері өз құзыретіне кіретін міндеттерді шешу мақсатында жедел және ведомстволық есепке алуды жүзеге асырады.

5. Арнайы есепке алуды құру, қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін уәкілетті орган белгілейді.

Құқықтық статистикалық ақпаратты пайдалану және сақтау тәртібі

1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтай отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында статистикалық мәліметтерді жариялауға, статистикалық жинақтарды шығаруға және құқықтық статистикалық ақпаратты практикалық және ғылыми-зерттеу мақсаттарында өзгедей пайдалануға құқылы.

2. Ақпараттық есепке алу құжаттары мен есептілік нысандары түріндегі құқықтық статистикалық ақпарат сақталуы уәкілетті орган айқындаған талаптарға сәйкес қамтамасыз етілетін жағдайларда сақталады.

3. Құқықтық статистикалық ақпаратты сақтау мерзімін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган белгілейді.